

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ

Сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдісі

МЯСО И МЯСНЫЕ ПРОДУКТЫ

Органолептический метод определения показателей качества

ҚР СТ 1731-2007

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ

Сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдісі

ҚР СТ 1731-2007

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 695-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта мынадай халықаралық құжаттардың негізгі нормативтік ережелері ескерілді:

- ИСО 5492:1992 Сенсорлық талдау. Сөздік (ISO 5492:1992 Sensory analysis. Vocabulary).
- ГОСТ Р ИСО 8589-2005 Органолептикалық талдау. Зерттеулерге арналған үймаратты жобалау жөніндегі жетекшілік (ISO 8589:1994 Sensory analysis. Guidance for the design of test room).
- ИСО 6658-2005 Сенсорлық талдау. Әдістеме. Жалпы жетекшілік. (ISO 6658-2005 Sensory analysis. Methodology. General guidance).

4 Осы стандарт «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентпен (дайындалу кезеңінде) үйлестірілген.

5 Осы стандартта [1], [2], [3], [4] Қазақстан Республикасы Заңдарының нормалары іске асырылған.

6 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2014 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

7 МЫНА СТАНДАРТТАР ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ:

- ГОСТ 7269-79 «Ет. Сынамаларды іріктеу әдістері мен балғындықты анықтаудың органолептикалық әдістері»;
- ГОСТ 7202.0-74 «Құс еті. Үлгілерді іріктеу әдістері. Сапаны бақылаудың органолептикалық әдістері»;
- ГОСТ 8756.1-70 «Тағамдық консервіленген өнімдер. Органолептикалық көрсеткіштерді, құрамдас бөліктердің қатынасын және таза салмақты анықтау әдістері» (консервіленген ет өнімдеріне қойылатын талаптар бөлігінде).

- ГОСТ 9959-74 «Ет өнімдері. Сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдісі»;
- ГОСТ 20235.0-74 «Үй қояны еті. Сапаны бақылаудың органолептикалық әдістері»;
- ГОСТ 29128-91 «Ет өнімдері. Сапаны органолептикалық бағалау бойынша терминдер мен анықтамалар».

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Бағалауды жүргізуге қойылатын жалпы талаптар	6
5	Ет және ет өнімдерінің сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдісі	8
6	Барлық сойылатын мал етінің түрлері, етті қосалқы өнімдердің (бауыр, көк бауыр, ми, өкпе, бүйректен басқа), құс, үй қояны еттерінің балғындығын анықтаудың органолептикалық әдістері	15
7	Өңделген ішектердің сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдістері	23
А қосымшасы. Дәмін көру парағының нысаны		26
Б қосымшасы. Өнім сапасын бағалаудың дәмін көру		27
В қосымшасы. Ет сапасын бағалаудың дәм көру парағы		29
Г қосымшасы. Сорпа сапасын бағалаудың дәм көру парағы		31
Д қосымшасы. Қамырға салынған, фарш салынып мұздатылған шала өнімдердің, жабылған, табиғи шала өнімдер сапасының органолептикалық көрсеткіштер тізілім		33
Е қосымшасы. Ет және етті қосалқы өнімдер балғындығын бағалаудың органолептикалық көрсеткіштері		35
Ж қосымшасы. Құс етінің балғындығын бағалаудың органолептикалық көрсеткіштері		38
И қосымшасы. Үй қояны етінің балғындығын бағалаудың органолептикалық көрсеткіштері		40
К қосымшасы. Библиография		41

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ
Сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдісі

Енгізілген күні 2009.01.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт сойылатын малдардың барлық түрлерінің етіне, құс, үй қояны етіне, етті қосалқы өнімдерге (бауыр, ми, өкпе, көк бауыр және бүйректен басқа), ішектік шикізатқа, сондай-ақ: фаршталған, пісірілген, жартылай ысталған, пісіріліп-ысталған, шикілей ысталған, өкпе-бауыр, қан шұжықтарына, ет нандары, сосиска, сарделька, зельц, қатырма, дірілдек, паштеттер, сойылатын мал мен құстар етінен жасалған өнімдерге – пісірілген, ысталған, ысталып-пісірілген, қуырылған, шикілей ысталған және шикілей тұздалған, кептірілген, шала өнімдер, мұздатылған шала өнімдерге, аспаздық бұйымдарға, ет сорпаларына, консервілерге таратылады және:

- дәмгерлерге, арнайы үймараттарға, үлгілерді дайындауға, сапаны органолептикалық бағалауды жүргізу және нәтижелерін өңдеу тәртібіне қойылатын талаптарды қамтитын ет және ет өнімдерінің сапасына органолептикалық (сенсорлық) бағалау жүргізудің жалпы талаптарын;
- сойылатын малдар мен құстардың барлық түрлерінің етінің сапасын анықтаудың органолептикалық әдістеріне қойылатын талаптарды;
- ет өнімдерінің сапасына органолептикалық (сенсорлық) бағалау жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1.9-2003 Мемлекеттік стандарттау жүйесі. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттар мен стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1174-2003 Нысанды қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрі. Орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ 1728-2007 Ет және ет өнімдері. Орау, таңбалау, тасымалдау және сақтау.

ҚР СТ 1729-2007 Ет және ет өнімдері. Қабылдау ережелері және сынау әдістері.

ҚР СТ 1730-2007 Ет және ет өнімдері. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ ИСО 5492:1992 Сенсорлық талдау. Сөздік.

Ресми басылым

ҚР СТ ИСО 8586-1:2005 (ИСО 8586-1:1993, IDT) Сенсорлық талдау. Бағалаушыларды таңдау, оқыту және мониторингіне жалпы жетекшілік. 1-бөлім: Іріктелген бағалаушылар.

ҚР СТ ИСО 8586-2:2005 (ИСО 8586-2:1994) Сенсорлық талдау. Бағалаушыларды таңдау, оқыту және мониторингіне жалпы жетекшілік. 2: бөлім. Сарапшылар.

ҚР СТ ИСО 13302-2005 Сенсорлық талдау. Ораумен туындаған тағамдық өнімдердің дәмінің өзгеруін бағалау әдістері.

ҚР СТ ИСО/МЭК 17025-2001 Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттігіне қойылатын жалпы талаптар

ГОСТ Р ИСО 8589-2005 Органолептикалық талдау. Зерттеулер үшін үймаратты жобалау бойынша жетекшілік.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.1.003-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Шу. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмысшы аймақтың ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.1.008-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Элект қауіпсіздік. Жалпы талаптар және қорғаныс түрлерінің атаутізімі.

ГОСТ 12.4.009-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Нысандарды қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету.

ГОСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.

ГОСТ 427-75 Өлшейтін металл сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1341-97 Өсімдіктік пергамент. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық өлшемді шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 4025-86 Тұрмыстық еттартқыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5556-81 Су сіңіргіш медициналық мақта. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6709-72 Дистилденген су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7702.1-74 Құс еті. Ет балғындығын химиялық және микроскопиялық талдау әдістері.

ГОСТ 7730-89 Целлюлоза үлдір. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7328-2001 Гирлер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 8273-75 Орауыш қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9412-93 Медициналық дәке. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 10354-82 Полиэтилен үлдір. Техникалық шарттар.

ГОСТ 11109-90 Мақта-мата тұрмыстық дәке. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12026-76 Зертханалық сүзгіш қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14919-83 Тұрмыстық электр плиталар, электр плиткалар мен қуыру электр шкафтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 17435-72 Сызу сызғыштары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 18300-87 Тазартылған этил спирті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 19496-93 Ет. Гистологиялық талдау әдістері.

ГОСТ 20235.1-74 Үй қоянының еті. Ет балғындығын химиялық және микроскопиялық талдау әдістері.

ГОСТ 20469-91 Тұрмыстық электр еттартқыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 21239 –93 Медициналық қайшы. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 21240-89 Медициналық қандауыр мен пышақтар. Жалпы техникалық талаптар мен сынау әдістері.

ГОСТ 21241-89 Медициналық іскектер. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 21400-75 Химия - зертханалық шыны. Техникалық талаптар, сынау әдістері.

ГОСТ 23392-78 Ет. Ет балғындығын химиялық және микроскопиялық талдау әдістері.

ГОСТ 23481-79 Құс еті. Гистологиялық талдау әдістері.

ГОСТ 24104-2001 Жалпы арналған және үлгілік зертханалық таразы. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 25336-82 Шыны ыдыс және жабдық. Түрлері, негізгі параметрлері мен өлшемдер.

ГОСТ 26678-85 Сығымдағышты параметрлерлік қатардың тұрмыстық электр тоңазытқыштар мен мұздатқыштар.

ГОСТ 28165-89 Шыныдан жасалған зертханалық құралдар мен аппараттар. Су тазартқыштар. Буландырғыштар. Тазарту қондырғылары. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 28498-90 Сұйықтықтық шыны термометрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

ГОСТ 29329-92 Статикалық өлшеуге арналған таразы. Жалпы техникалық шарттар.

Ескертпе – Осы стандартты пайдаланған кезде мемлекет аумағында сілтеме стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың 1 қаңтарына арналған жағдай бойынша құрылған стандарттардың сәйкес сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған сәйкес ақпараттық сілтемелер бойынша тексеру мақсатқа сай болады. Егер сілтеме құжат алмастырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдаланған кезде алмастырылған (өзгертілген) стандартты жетекшілікке алу керек.

Егер сілтеме құжат алмастырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге қатысты болмайтын бөлікте қолданылады. Халықаралық, өңірлік стандарттарды қолдану тәртібі ҚР СТ 1.9-сәйкес.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [3] техникалық регламент және ИСО 5492 бойынша терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ төменде берілген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

3.1 **Маманданған сарапшы-бағалаушы:** Етті өндіру мен қайта өңдеу бойынша маман ретінде қосымша тәжірибесі бар, өнімге органолептикалық талдау жүргізу және шикізатпен, рецептурамен, процеспен, сақтау, ескірумен және т.б. байланысты түрлену әсерлерін бағалай немесе болжай алатын сарапшы-бағалаушы.

3.2 **Тұрпаттық емес дәм:** Тағамдық өнімнің бұзылуымен байланысты дәм.

3.3 **Бөтен дәм:** Тағамдық өнім үшін бөтен болып табылатын дәм.

3.4 **Дәм**: Дәмін алу кезінде қабылданатын иіс сезу, густаториальдық және тригеминальдық сезінудің кешенді жинағы.

3.5 **Ет өнімінің сапасын бағалаудың балдық әдісі**: Ол жағдайында бағалау нәтижесі баллда көрінетін шкалаларды пайдаланып ет өнімінің сапасын бағалау әдісі.

3.6 **Еттің, ет өнімінің тән иісі:** Етке, осы түрдегі ет өніміне тән иіс.

3.7 **Ет өнімінің ащы дәмі**: Хинин, кофеиннің сулы ерітіндісінің дәміне ұқсас, ет өнімі дәмінің құрамбірлігі.

3.8 **Ет өнімінің жағылатын консистенциясы:** Ет өнімін өзге өнімге жағуға мүмкіндік беріп онымен байланысты қамтамасыз ететін, ақауланауға төмен тұрақтылығына қатысты сипатталатын ет өнімінің консистенциясы.

3.9 **Еттің, ет өнімінің нәзік консистенциясы:** Шайнауға және (немесе) нысанын бұзуға елеусіз қарсылықпен сипатталатын ет өнімінің консистенциясы.

3.10 **Ет өнімінің қалдық дәмі:** Өнімнің ауызда болғанынан кейін дәмгер сезетін дәм.

3.11 **Ет өнімінің сөлділігі:** Байланысқан күйде болып ылғалдың үлкен саны болуына қатысты нәзік консистенциялы ет өнімінің қасиеті.

3.12 **Ет өнімінің сапасын бағалаудың дәрежелік әдісі:** Оны зерттеу нәтижесінде ерікті түрде берілген үлгілер сол немесе өзге қасиетінің жоғарылау немесе кему тәртібі бойынша қатарға орналастырылатын ет өнімінің сапасын бағалау әдісі.

3.13 **Еттің, ет өнімінің қаттылық консистенциясы:** Шайнауға және (немесе) нысанын өзгертуге жоғары қарсылықпен сипатталатын ет өнімінің консистенциясы.

3.14 **Ет өнімінің кеуектілігі**: Оның кесіндісінде ұсақ бос орындардың болуымен сипатталатын ет өнімінің қасиеті.

3.15 **Еттің, ет өнімінің былқылдақ консистенциясы:** Еттің, ет өнімінің көлем бірлігіне үлкен салмақпен және әлсіз қосылған бөлшектермен сипатталатын консистенциясы.

3.16 **Еттің, ет өнімінің консистенциясы:** Ет өнімінің шайнауға және (немесе) нысанын бұзуға тұрақтылығымен сипатталатын қасиеті.

3.17 **Ет өнімінің қышқыл дәмі**: Лимон және шарап қышқылының сулы ерітіндісінің дәміне ұқсас ет өнімі дәмінің құрамбірлігі.

3.18 **Ет, ет өнімінің сапасын бағалаудың сипаттамалық әдісі**: Еттің, ет өнімінің қасиеттерін сөзбен сипаттауға негізделген еттің, ет өнімінің сапасын бағалау әдісі.

3.19 **Ет, ет өнімінің сапасын органолептикалық бағалау (дәмін көру)**: Сезу мүшелері: көз, дәм сезу, иіс сезу көмегімен алынған ақпарат негізінде еттің, ет өнімінің сапасын бағалау.

3.20 **Еттің, ет өнімінің тығыздық консистенциясы:** Механикалық әсер етуді тоқтатқаннан кейін бастапқы қалпын қалпына келтірумен сипатталатын еттің, ет өнімінің консистенциясы.

3.21 **Еттің, ет өнімінің сыртқы түрі:** Көру органы арқылы танылатын ет, ет өнімінің қасиеті.

3.22 **Ет өнімінің тәтті дәмі**: Сахарозаның сулы ерітіндісінің дәміне ұқсас ет өнімі дәмінің құрамбірлігі.

3.23 **Ет өнімінің тұзды дәмі:** Ас тұзының сулы ерітіндісінің дәміне ұқсас ет өнімі дәмінің құрамбірлігі.

3.24 **Еттің, ет өнімінің түсі:** Көру органы арқылы танылатын еттің, ет өнімінің қасиеті.

3.25 **Ет өнімінің тығыз консистенциясы**: Көлем бірлігіне шағын салмақпен және тығыз қосылған бөліктермен қатысты сипатталатын ет өнімінің консистенциясы.

3.26 **Ет өнімінің бақылау үлгісі**: Осы түрдегі ет өнімінің сапасын бағалау кезде негізге қабылданған ет өнімінің үлгісі.

3.27 **Бақылау үлгісі бойынша ет өнімінің сапасын бағалау әдісі**: Бақылау үлгісінің қасиеттерімен оның қасиетін салыстыруға негізделген ет өнімінің сапасын бағалау әдісі.

3.28 **Иіс**: Нақты ұшпа заттарды иіскеген кезде иіс сезу органдары қабылдайтын органолептикалық (сенсорлық) сипаттама.

3.29 **Кесіндідегі ет өнімінің түрі**: Көру органы арқылы танылатын ет өнімінің қасиеті.

3.30 **Бағалаушы** (сенсорлық талдауда): Органолептикалық (сенсорлық) талдауға қатысатын кез келген тұлға.

3.31 **Сарапшы-бағалаушы (дәмгер):** Сенсорлық сезімталдықтың жоғарғы деңгейіне ие, органолептикалық (сенсорлық) талдау әдісін қолдануға даярланған, түрлі өнімдерге жүйелі және қайталама бағалау жасай алатын іріктелген бағалаушы.

3.32 **Ет өнімінің тәжірибелік үлгісі**: Ет өнімінің сапасын бағалау үшін пайдаланылатын оның үлгісі.

4 Бағалауды жүргізуге қойылатын жалпы талаптар

4.1 Жұмысты қауіпсіз жүргізу шарттары

4.1.1 Зертхана үймараты [5], [6], [7], [8] берілген талаптарға сәйкесуі керек.

4.1.2 Өрт қауіпсіздігі бойынша үймараттар [5], [7] ГОСТ 12.1.004 сәйкесуі және ҚР СТ 1174 бойынша өрт сөндіру құралдарына ие болуы керек.

Өрт қауіпсіздігіне бақылау ГОСТ 12.1.004 бойынша жүргізіледі.

Мамандар өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша дайындықтан кезеңді түрде өтіп тұруы керек.

4.1.3 Электр қыздырғыш құралдармен жұмыс істеу кезінде электр қауіпсіздік ГОСТ 12.1.019 бойынша.

4.1.4 Үймарат ГОСТ 12.4.021 бойынша тарту-әкелу желдеткішімен жабдықталуы керек.

4.1.5 Еңбектің биологиялық қауіпсіздігі ГОСТ 12.1.008 талаптарына сәйкесуі керек.

4.1.6 Жұмыс орындарында шу деңгейі ГОСТ 12.1.003 (80 дБ артық емес), жасанды жарық берілу деңгейі - [8], микроклимат – ГОСТ 12.1.005 талаптарына сәйкесуі керек.

4.1.7 Бағалаудан өтетін мамандар ГОСТ 12.0.004 сәйкес қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы дайындықтан, оқудан өтуі керек.

4.2 Сынақ жүргізу шарттары

Сынақтар жүргізу кезінде мынадай шарттар сақталады:

- қоршаған орта температурасы, °С……(25±5)
- атмосфералық қысым, мм рт.ст……(760±30)
- ауаның салыстырмалы ылғалдығы, %……(65±15)

4.3 Өлшеу құралдары, жабдық

4.3.1 Жалпы арналған ең жоғарғы өлшеу шегі ГОСТ 24104 бойынша 200 г зертханалық таразы, класы жоғары.

4.3.2 Жалпы арналған ең жоғарғы өлшеу шегі ГОСТ 24104 бойынша 1000г, жоғары класты зертханалық таразы.

4.3.3 ГОСТ 7328 бойынша (1-100) г гирлер жинағы, класы F1.

4.3.4 ГОСТ 7328 бойынша 1г-1 кг гирлер жинағы, класы F2.

4.3.5 ГОСТ 7328 бойынша (1-10) кг гирлер жинағы, класы F2.

4.3.6 ГОСТ 28498 бойынша рұқсат етілетін кінәраты $\pm 1^0$С температураны өлшеу ауқымы минус 30 ^{0}С -тан плюс 30 ^{0}С-қа дейін немесе (0 – 200)^{0}С сұйықтықтық шыны термометрлер.

4.3.7 ГОСТ 1770 бойынша дәлдік класы 2 зертханалық өлшемді шыны ыдыс, сиымдылығы 25 см^3; 100 см^3 цилиндрлер.

4.3.8 ГОСТ 25336 бойынша Кп-1-100 ТС конус құты.

4.3.9 Кез келген типті электр жылытылатын зертханалық су моншасы.

4.3.10 ГОСТ 14919 бойынша тұрмыстық электр плиталар, электр плиткалар мен қуыру шкафтары.

4.3.11 ГОСТ 4025 бойынша тұрмыстық еттартқыш немесе ГОСТ 20469 бойынша тұрмыстық электр еттартқыш.

4.3.12 Кез келген типті тұрмыстық тоңазытқыштар.

4.3.13 ГОСТ 21239 бойынша қайшы.

4.3.14 ГОСТ 21240 бойынша 67-Н маркалы қандауыр.

4.3.15 ГОСТ 21241 бойынша 66-Н маркалы іскек.

4.3.16 ГОСТ 21400 бойынша шыны таяқша.

4.3.17 ГОСТ 21400 бойынша сағат шынысы.

4.3.18 ГОСТ 12026 бойынша сүзгіш қағаз.

4.3.19 ГОСТ 11109 бойынша тұрмыстық дәке.

4.3.20 ГОСТ 5556 бойынша су сіңіргіш медициналық мақта.

4.3.21 ГОСТ 6709 бойынша дистилденген су.

4.3.22 Құм сағат немесе кез келген типті таймер.

Барлық өлшеу құралдары Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген өлшеу құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізілуі және олар үшін белгіленген кезеңділікпен тексеруден өтуі керек.

Жоғарыда санамаланған метрологиялық және техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін өзге өлшеу құралдарын, көмекші құрылғыларды, реактивтер мен материалдарды қолдану рұқсат етіледі.

5 Ет, ет өнімдерінің сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдісі

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Органолептикалық (сенсорлық) бағалау өнім сапасының органолпетикалық көрсеткіштерінің нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігін белгілеу, сондай-ақ оны өндіріске жеткізу кезінде еттің жаңа түрлерін бағалау үшін жүргізіледі.

5.1.2 Ораумен туындаған ет өнімдерінің сипаттамаларын органолептикалық (сенсорлық) бағалау ҚР СТ ИСО 13302 сәйкес жүргізіледі.

5.1.3 Мақсаттар мен міндеттерге қарай дәмін көрудің мынадай түрлерін ажыратады:

- Жұмысшы дәмін көру – өндірістік үймаратта тікелей технологтар мен кәсіпорын зертханасының жұмыскерлері (бағалаушылары) жүргізеді. Жұмысшы дәмін көру жүйелі түрде, өндірістің барлық технологиялық процесі барысында жүргізіледі, өндірістің технологиялық параметрлерінің бұзылуын алдын ала байқау және болдырмауға, өнімді технологиялық өңдеу мерзімдерін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді;

- өндірістік дәмін көру – ет өнімдерін бағалаумен (жаңа түрлерін бекітуге дайындау, рецептураларды бекіту, конкурсқа сынамаларды іріктеу және т.б.) байланысты мәселелерді шешу кезінде дәмін көру комиссиясының құрамында кәсіпорын мамандарының тобымен (сарапшы-бағалаушы, маманданған сарапшы-бағалаушы) жүргізіледі;

- сараптамалық немесе төрелік дәмін көру – тағамдық өнімдердің сапасы туралы даулы мәселелерді, арнайы міндеттер қатарын (сол немесе өзге үлгінің өнімнің нақты түріне сәйкестігін анықтау, бақылаушы органдар сұрауы бойынша, халықаралық конкурстарға үлгілерді іріктеу кезінде оны бағалау) шешу кезінде жүргізіледі.

5.1.4 Сынақ әдісін таңдау сынақтар жүргізуді бастағанға дейін белгіленеді және осы стандарт ұсыныстары мен [9], [10], [11], [12], [13] ережелерін есепке алып өнім түрімен, дәлдік деңгейімен және т.с.с анықталады.

5.1.5 Бағалауды жүргізген мамандар, сынақтарды бастағанға дейін бағалау әдістемесімен және нәтижелерді беру нысанымен таныстырылуы керек.

Дәмін көру комиссиясы төрағасының шешімі бойынша таңдалған әдісті қолдану мүмкіндігін растау үшін алдын ала сынақтар жүргізіле алады.

5.2 Бағалау жүргізетін мамандар біліктілігіне қойылатын талаптар

5.2.1 Органолептикалық бағалауды ет өнімінің сапасын бағалау бойынша жұмыс тәжірибесі бар, жеке немесе дәм көру комиссиясының құрамында, СТ РК ИСО 8586-1, СТ РК ИСО 8586-2 бойынша сарапшы ретінде бағалау жүргізу құқығына даярлық пен оқудан өткен мамандәмгерлермен (бағалаушылар, сарапшы-бағалаушы, маманданған сарапшыбағалаушылармен, әрі қарай - сарапшылармен) жүзеге асырылады.

5.2.2 Сапаны органолептикалық бағалау бойынша маманға этика, өздігінен білім алу және даярлық, кәсіби шеберлік пен өмір сүру режимінің жоғары талаптары қойылады.

Көңіл күйі нашар, суық тиген немесе өзге аурулармен науқастанған сарапшылар толық сауыққанға дейін сынауларға қатыстырылмайды.

5.2.3 Сарапшылардың жұмыс істеуі кезінде нашар көңіл күйдің, жалпы шаршағандықтың, бөтен шудың, әңгіме, сондай-ақ әтір, иіссу, иіс жойғыштың әсері болуы мүмкін.

5.2.4 Дәмін көруді таңертеңгі, түскі немесе кешкі асқа жақын уақытқа белгілемеу керек. Сарапшы тойып тұру, аш болу жағдайында болмауы керек. Сынаққа дейін жарты сағат бұрын темекі шегуден бас тарту, тағам, сусын ішпеу керек.

5.2.5 Дәмгершілер комиссиясының құрамы, ол құрылатын ұйымда, 2 жылдан артық емес мерзімге бекітіледі

5.2.6 Дәмгершілер комиссиясы кемі 5 адамнан тұратын құрамда бағалаушылар, сарапшы-бағалаушылардың жеке сезімталдығы мен ет өнімдері үлгілерінің түсін, дәмін, иісін, хош иісін және консистенциясын айрықша ажырату қасиетін есепке алып бағалаушыларды іріктеу негізінде құрылады.

5.2.7 Дәмгерлер комиссиясының жұмысы органолептикалық бағалау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар негізінде әзірленген ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

5.3 Органолептикалық бағалау жүргізуге арналған үймараттарға қойылатын талаптар

5.3.1 Дәмін көру сынақтарын жүргізуге арналған үймараттар ГОСТ Р ИСО 8589, 4-бөліміне сәйкес қауіпсіздіктің жалпы талаптарына және осы стандарттың 5.3-тармағы бойынша арнайы талаптарға сәйкесуі керек.

5.3.2 Ет пен ет өнімдерінің сапасына органолептикалық бағалау жүргізу үшін екі оқшауланған үймаратқа ие болу керек: дәмгерлер жұмысына арналып арнайы жабдықталған және дәмін көру үшін үлгілерді дайындауға арналған дайындық үймараты.

5.3.3 Сарапшыларға арналған үймарат:

- шудан қорғалған;
- жақсы желдетілетін, өтпе жел жоқ, ауа ауыстыру жүйесі болуы;
- жарықпен жақсы қамтамасыз етілген, тіке күн сәулесі түспейтін күндізгі жарық жақсы таратылған болуы керек. Жұмыс орындарына жарық өткізілуі тегіс болуы және кемі 500 лк құрауы керек. Жарық беру бағаланатын өнім түсін өзгертпеуі керек;
- ашық, көзге жайлы түстерге боялған;
- таза, бөтен иіссіз болуы керек.

5.3.4 Сарапшылардың жұмыс орындары сарапшылар бір біріне әсер етпейтіндей, бағалау жүргізгенде көңілі бөлінбейтіндей болуы керек.

Кабиналар немесе қалқанды (биіктігі 50 см, ұзындығы 40 см) үстелдер (ені 50-ден 60 см-ге дейін, ұзындығы 80-нен 90 см-ге дейін, биіктігі 75-тен 80 см-ге дейін), сондай-ақ қолайлы орындықтар ұсынылады.

Үстелдер мен қалқандар оларды тазалықта ұстауға мүмкіндік беретін, оларды тиісті түрде санитарлық тазарту мүмкіндігін қамтамасыз ететін материалдардан дайындалуы керек.

Қалқандар болмаған жағдайда дәмгерлер орнын бірінен кейін бірі қатарлап орналастырған дұрыс.

5.3.5 Сарапшы үстелінде:

- дәм көру парақтары;
- қарындаш немесе қалам;
- тарелкалар (суретсіз ақ), стакандар немесе тостағандар;
- таттанбайтын болаттан жасалған пышақ және шанышқы;
- сұлық;
- қалдықтар салуға арналған ыдыс;
- дәмдік сезімталдықты қалпына келтіру үшін бейтараптандырушы құралдар (ақ нан, тұздалмаған крекер, қою емес және ыстық емес шай немесе минералды су, ионсыздандырылған су, дистилденген су) болуы керек.

Барлық жұмыс орындарын электрондық индикаторлық және бергіш құралдармен, ал төраға орнын – қосымша ақпаратты өңдеуге арналған құралман жабдықтау ұсынылады.

5.3.6 Дайындық үймараты:

- ыдыс, асханалық құралдар, жұмысшы керек-жарақ және т.б. сақтауға арналған шкафтармен;
- сынамалар дайындауға арналған жұмысшы үстелдермен;
- тоңазытқыштармен;
- ыстық және суық сумен ыдыс жууға арналған жуғыш;
- таттанбайтын асхана құралдарымен ыдыс аяқ;
- кесу тақтайлары мен пышақтарымен;

- өнім қалыңдығында (кесілмеген) иісті анықтауға арналған ағаш немесе металл инемен;

- ГОСТ 24104 бойынша ең жоғарғы өлшеу шегі 1000г, класы жоғары таразылармен;

- ГОСТ 28498 бойынша өлшеу ауқымы (0-100) ^{0}С, рұқсат етілетін өлшеу кінәраты ±1 ^{0}С термометрлермен;

- ұсату және термикалық өңдеуге арналған жабдықтармен жабдықталуы керек.

5.4 Органолептикалық бағалау жүргізуге сынамаларды дайындау

5.4.1 Сынамаларды іріктеуді ҚР СТ 1729 сәйкес жүргізеді.

5.4.2 Сынамаларды іріктеуді сәйкес құзыреттігі бар және сынамалардың дұрыс іріктелуіне жауапты маман жүргізеді.

Органолептикалық сынақтарға арналған сынамаларды іріктеу кезінде пайдаланылатын ыдыс бөтен иіссіз болуы керек. Жуғыш сиымдылықтарды тек иіссіз, өзінен кейін із қалдырмайтын жуғыш құралдарды пайдаланып жуу керек. Ыстық немесе салқын үлгілерге арналған изотермиялық сиымдылықтарды қоса қағаз және пластик контейнерлер иіссіз болуы және із қалдырмауы керек.

5.4.3 Сынамалар дәмін көруге ол жағдайында осы өнімді әдетте қолданатын температура жағдайында ұсынылады.

5.4.4 Сынамаларды, егер «жабық» дәмін көруді жүргізсе дәмін көрер алдында сан немесе әріппен кодтайды немесе егер дәмін көру «ашық» болса, қысқаша ақпаратпен жабдықтайды.

5.4.5 Берілген кодтар дәмін көруді бастағанға дейін жұмыс журналында белгіленуі керек.

5.4.6 Дәмін көруге ұсынылған сынамалар балғын, жас болуы керек.

5.5 Дайын ет өнімдерінің сапасына органолептикалық бағалау жүргізу тәртібі

5.5.1 Сарапшылар органолептикалық бағалау жүргізер алдында бағаланатын өнім сапасына қойылатын ҚР СТ 1730 талаптарымен танысуы және осы стандарттың 3-бөлімінде берілген терминдер мен анықтамаларды білуі керек.

5.5.2 Органолептикалық бағалауды жүргізген кезде сапа көрсеткіштері: сыртқы түрі, кесіндідегі түрі, иісі (хош иісі), дәмі, консистенциясы (жұмсақтық, қаттылық), сөлділік және өзгелері сезу органдары арқылы анықталады

5.5.3 Ет өнімінің үлгілері дәмін көруге мынадай кезекпен беріледі: бірінші кезекте әлсіз білінетін (нәзік) хош иіске ие, аздап тұздалған және ащы өнімдерді бағалайды. Содан кейін – хош иісі мен тұздылығы қалыпты, содан кейін хош иісі қатты білінетін, тұздалған, ащы өнімдер бағаланады.

Шұжық өнімдерінің дәмін көрген кезде (шұжықтар түріне қарай) мынадай кезек сақталады: пісірілген, жылытылған пісірілген, ветчина, пісіріліп ысталған, жартылай ысталған, шикілей ысталған.

Соңғы кезекте бұйымдарды жылытылған күйде (сосискалар, сарделькалар және т.б.) және термикалық өңделгендер (аспаздық тағамдар, тұшпаралар, котлеттер және өзге де шала өнімдер) бағаланады. Оларды беру тәртібі хош иісі мен дәмінің біліну деңгейіне қарай анықталады.

5.5.4 Ет өнімдерінің сапа көрсеткіштерін бүтін (кесілмеген), содан кейін кесілген өнімде анықтайды.

Бүтін өнім сапасына органолептикалық бағалау өнімнің бір бірлігінде жүргізіле алады.

5.5.5 Бүтін өнімнің сапа көрсеткіштерін мынадай жүйемен анықтайды:

- сыртқы түрі, түсі мен бетінің қалпы – сыртынан қарау жолымен;
- иісін - өнім бетінде анықтайды. Өнім ішінде иісті анықтау қажеттігі жағдайда арнайы ағаш немесе металл инені алады, оның ішіне батырады, содан кейін жылдам алып шығып, ине бетінде қалған иісті анықтайды.
- консистенциясын – қалақша немесе саусақ батырып анықтайды.

5.5.6 Кесілген өнімнің сапа көрсеткіштерін мынадай жүйеде анықтайды:

- бағалау жүргізер алдында ет бұйымдары орау, қабық және баудан (клипсылардан) босатылады, олардан сүйек алып тасталады (егер болса) және өткір пышақ көмегімен өнімнің осы түрі үшін тән түрді кесіндіде қамтамасыз ететіндей үлгіде жұқалап кеседі;
- жаңа ғана жасалған көлденең және (немесе) бойлық өнім кесіндісінде түсі, түрі мен суреті, ингредиенттердің құрылымы мен таралуы;
- иісі, хош иісі, дәмі мен сөлділігі – кесекке бөлінген ет өнімдерінің дәмін көрумен. Бұл жағдайда айрықша өзіне тән иісті, хош иіс пен дәмді; бөтен иіс, дәмнің болуы, дәмдеуіштер мен ыстау хош иісінің біліну деңгейі, тұздылық анықталады;
- өнімдер консистенциясын – басып, кесіп, шайнап, жағып (паштеттер) көреді. Консистенциясын анықтауда массаның тығыздығын, жұмсақтығы, қаттылығын, үгітілуін, серпімділігін, біртектілігін (паштеттер) белгілейді.

5.5.7 Сосискалар мен сарделькалардың иісін, дәмін, сөлділігін жылытылған күйде анықтайды, ол үшін оларды жылы суға (50-60)°С салады және оны қайнатады. Табиғи қаптамадағы сосискалар мен сарделькалардың сөлділігін тесіп көреді. Тескен орында сөлді өнімде сұйықтық тамшысы көрінуі керек.

5.6 Табиғи және қамыр қабықта мұздатылған және салқындатылған шала өнімдерді органолептикалық бағалау тәртібі

5.6.1 Мұздатылған ет шала өнімдерінің, оның ішінде табиғи, шабылған ет шала өнімдерінің, фаршtың, қамырға оралған, тартылған шала өнімдердің сыртқы түрін анықтау ҚР СТ 1730 талаптарына сәйкестікке көзбен шолып және/немесе белгіленген тәртіпте бекітілген ұйым стандарттарына, технологиялық нұсқаулықтарға сәйкестікке көзбен шолып жүргізіледі.

Мұздатылған ет шала өнімдерінің иісін, түсін, консистенциясын органолептикалық бағалау еріткеннен кейін шикі және дайын өнімде белгіленген тәртіпте бекітілген рецептурада берілген әр нақты атау үшін сипаттамаларға сәйкес жүргізіледі.

5.6.2 Өнімді сынаулар үшін дайын күйде дайындау технологиялық нұсқаулықта, таңбалауда көрсетілген тәсілдердің біреуімен жүргізіледі:

- тұшпараларды, равиолиді және т.б. қайнап тұрған суға салады және дайын болғанға дейін қайнағаннан кейін су мен бұйымның 1:4 қатынасында (3-7) минут бойына пісіреді. Тұзды дәміне қарай (1-1,5) % қосады. Дайын бұйымды бірден судан алып шығады. Дайын бұйымда сыртқы түрін, дәмі мен иісін анықтайды;

-хинкали қайнап тұрған суға салады және дайын болғанға дейін қайнағаннан кейін су мен бұйымның 1:4 қатынасында (7-10) минут бойына пісіреді. Тұзды дәміне қарай (1-1,5) % қосады. Дайын бұйымды бірден судан алып шығады. Дайын бұйымда сыртқы түрін, дәмі мен иісін анықтайды;

- манты, струдельдер және т.б. буда торлы салмаларда су қайнағаннан кейін (35-40) минут бойына пісіреді. Дайын бұйымда сыртқы түрін, дәмі мен иісін анықтайды;

- чебуректер, беляштар, кішкентай бәліш және т.б. сынақ жүргізер алдында ерітіледі, май мен бұйымның 6:1 қатынасында (7-10) минут бойы дайын болғанша фритюрде қуырады. Қуыру температурасы (155-170) ºС. Дайын бұйымдарда сыртқы түрін, дәмі мен иісін анықтайды;

- самсаны және т.б. (220-250) ºС температурасы жағдайда (15-20) минут бойына қуыру шкафында пісіреді. Дайын бұйымдарда сыртқы түрін, дәмі мен иісін анықтайды;

- табиғи, шабылған ет шала өнімдерін – дайындаудың технологиялық нұсқаулығында және/немесе өнім таңбалауында көрсетілген тәсілдердің біреуімен дайындайды. Дайын бұйымдарда дәмін, иісі, сөлдігі, консистенциясын (жұмсақтығы, қаттылығы) анықтайды.

5.7 Ет, ет-өсімдік, ет-көкөніс консервілерін органолептикалық бағалау

5.7.1 Ет консервілерін органолептикалық бағалауды қанағаттанарлық микробиологиялық талдауларды алғаннан кейін жүргізеді.

5.7.2 Ет консервілерін органолептикалық бағалауды осы өнімді тағамға тұтыну тәсіліне қарай жылытылған немесе салқын күйінде жүргізеді. Бірінші жағдайда сыртқы қараудан кейін жабық банканы ақырын қайнап жатқан суға банка көлемі мен консервілер түріне қарай (20-30) минутқа батырады. Жылытылған консервілерді бірден органолептикалық бағалауға береді, олардың суып қалуы рұқсат етілмейді.

Органолептикалық бағалау үшін банка ішіндегісін таза құрғақ тарелкаға салады.

Салқын күйде қолданылатын консервілер сапасын бағалау кезінде өнімді зерттеуге берер алдында кесектер түсі мен олардың тауарлық түрі өзгермейтіндей кеседі. Кесектердің ең жұқа қалыңдығы олардың тұтастығын қамтамасыз ететіндей болуы керек.

Ашылған банкаларды (және қақпақтарды) босатқаннан кейін ыстық сумен шаяды және қарап шығады (қажет жағдайда).

5.7.3 Органолептикалық көрсеткіштерді мынадай жүйемен анықтайды: сыртқы түрі, түсі, иісі, дәмі, консистенциясы.

5.7.4 Өнім иісін, дәмін және консистенциясын бағалаған кезде бір бірлеп немесе жинақта (үш үлгіден артық емес), көзбен шолып бағалаған жағдайда – бірдей уақытта алты үлгіге дейін ұсынады.

5.7.5 Сыналатын консервілер сипатына қарай консистенцияны:

- күш салып – басып, қысып, тесіп, кесіп;
- жағып анықтайды.

Консистенциясын бағалаған кезде: жұмсақтығын, сөлділігін, тығыздығын, серпімділігін, қаттылығын, түйіршіктелуін, үгітілуін, нәзіктігін, біртектілігін ескереді.

5.7.6 Өнімдер қасиетіне қарай 5-8 сынамаға бағалау жүргізгеннен кейін кемі 10 минутқа үзіліс жасайды.

5.8 Талдау нәтижелерін өңдеу

5.8.1 Бағалау нәтижелерін беру нысаны таңдалған, осы стандартта, [9], [10], [11], [12], [13] берілген әдіске сәйкесуі керек.

5.8.2 Ет өнімінің сапасын баллмен бағалаған жағдайда 5 немесе 9 балдық шкалалар пайдалана алады. Шкаланың әр көрсеткіші баллда көрінген сапаның 5 немесе 9 деңгейіне ие болады.

Дәмді көру парағының нысаны А, Б, В, Г қосымшаларында берілген.

5.8.3 Мұздатылған ет шала өнімдерінің дәмдік бағалау үшін ұсынылатын органолпетикалық (сенсорлық) сипаттамалар Г қосымшасында берілген.

5.8.4 Органолептикалық бағалау барысында әр дәмгер өз бағасын А, Б, В, Г қосымша нысаны бойынша дәмгерлік параққа жазып отырады.

Қателесіп жазылған бағаларды сызып тастап қол қояды.

5.8.5 Әр сарапшы дәмгерлік параққа қол қояды және оны комиссия төрағасына береді, содан кейін талқылау және пікір алысу жүргізу ұсынылады.

5.8.6 Органолептикалық бағалау нәтижелерін өңдеуді комиссия хатшысы немесе төраға тағайындаған өзге тұлға жүргізеді.

Органолептикалық бағалау нәтижелерін өнімнің стандарт талаптарына сәйкестігін анықтай отырып, осы өнім түріне арналған нормативтік-техникалық құжаттамада берілген сапа көрсеткіштерімен салыстырады.

5.8.7 Органолептикалық бағалау жүргізу нәтижелерін хаттамаға және мынадай деректерден тұратын жұмыс журналына енгізеді:

- бағалау жүргізілген күн мен орны;
- жұмыс орны мен лауазымын көрсетіп дәм көру комиссия мүшелерінің тізімі;
- бағалауға берілген сынамалар туралы ақпарат (өнім мен оны өндірушінің атауы, іріктелген күн, үлгі кодтары және т.б.);
- жүргізілетін дәм көру мақсаты;
- ет өнімін органолептикалық бағалау нәтижесі;
- комиссия қорытындысы, ұсынысы мен шешімі;
- дәм көру комиссиясының төрағасы мен хатшысының қолы.

6 Барлық сойылатын мал етінің түрлері, етті қосалқы өнімдердің (бауыр, көк бауыр, ми, өкпе, бүйректен басқа), құс, үй қояны еттерінің балғындығын анықтаудың органолептикалық әдістері

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Ет пен ет өнімдерінің сапасын бақылау бойынша сынақтар жүргізетін зертханалар [14] талаптарына, ал сәйкестікті растау саласында сынақтар жүргізген жағдайда – ҚР СТ ИСО/ МЭК 17025 талаптарына сәйкесуі керек.

6.1.2 Органолептикалық әдістер:

- сыртқы түрі мен түсін;
- кесіндіде бұлшық еттер қалпын;
- консистенциясын;
- иісін;

- май қалпын, май иісін;
- сіңірлер жағдайын (сойылатын мал еті үшін)
- сорпа мөлдірлігі мен хош иісін анықтауды қарастырады.

Әр үлгі жеке талданады.

6.2 Сынақ жүргізетін мамандар біліктілігіне қойылатын талаптар

6.2.1 Ет балғындығын кейіннен химиялық және микроскопилық талдаумен барлық сойылатын мал және құс, үй қояны етіне органолептикалық бағалауды жоғарғы немесе арнайы білімі, зертханада жұмыс тәжірибесі бар инженер-химик, техник немесе лаборант жүргізуі керек.

6.2.2 Мамандар ГОСТ 12.0.004 сәйкес қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы дайындық және оқудан, арнайы оқудан өтеді.

6.3 Үймараттар мен органолептикалық бағалау жүргізу шарттарына қойылатын талаптар

6.3.1 Етке органолептикалық бағалау жүргізуге арналған үймараттар мен сынақтар жүргізу шарттары осы стандарттың 4-бөлім талаптарына сәйкесуі керек.

6.4 Өлшеу құралдары, жабдық

Өлшеу құралдары, жабдық - 4.3 бойынша.

6.5 Сынамаларды іріктеу әдістері

6.5.1 Сойылатын мал еті мен етті қосалқы өнімдер үлгілерін іріктеу әдістері

6.5.1.1 Үлгілерді әр зерттелетін ұшадан немесе оның бөлігінен салмағы 200 г кем емес кесектермен мына орындардан:

- кесу орнынан;
- жауырын тұсынан;
- сан етінен бұлшық еттердің қалың бөлігінен іріктейді.

6.5.1.2 Зерттелетін қосалқы өнімдер үлгілерін 200 г кем емес салмақпен іріктейді.

6.5.1.3 Мұздатылған ет блоктарынан және қосалқы өнімдерден салмағы 200 г-нан кем емес кесекпен іріктейді.

6.5.2 Құс, үй қоянының етінен үлгілерді іріктеу әдістері

6.5.2.1 Іріктеме жәшіктерінен ҚР СТ .... талаптарына сәйкес органолептикалық, химиялық және микроскопиялық талдаулар үшін үш үлгі (ұша) іріктейді.

6.5.2.2 Бактериологиялық талдаулар үшін үш үлгі (ұша) іріктейді.

6.5.2.3 Органолептикалық бағаның химиялық және микроскопиялық талдаулар нәтижелерімен сәйкес келмегені жағдайда құс, үй қояны еттерін қайта іріктелген бес үлгіде химиялық және микроскопиялық талдауларға қайта түсіреді.

6.6 Снаққа жіберу үшін үлгілерді орау

6.6.1 Әр іріктелген үлгі ГОСТ 1341 бойынша пергаментке, ГОСТ 7730 бойынша целлюлоза үлдірге немесе ГОСТ 10354 бойынша тағамдық полиэтилен үлдірге оралуы керек.

Пергаментте немесе үлдір астына салынған пергамент астындағы құлақшада жай қарындашпен тін немесе орган атауын және қабылдау кезінде ұшаға берілген ұша нөмірін белгілейді.

Бір ұшадан (құс, үй қояны ұшасынан) іріктелген үлгілерді бірге қағаз қапшыққа салады және жабылатын металл жәшікке салады.

Іріктеліп дайындалған үлгілерді мыналарды белгілеп зертханаға құжатпен жібереді:

- өнім өндірген кәсіпорын атауы;
- үлгілерді іріктеу күні мен орны;
- мал, құс түрі, семіздік санаты, топтама өлшемі;
- қабылдау кезінде берілген ұша (үлгі) нөмірі;
- сынақ себебі мен мақсаттары;
- топтаманы қарау және үлгілерді іріктеу кезінде қатысқан лауазымды тұлға тегі.

6.6.2 Үлгілерді іріктеу орнынан тыс жатқан зертханаға жөнелткен жағдайда әр үлгіні жеке ГОСТ 1341 бойынша пергаментке, содан кейін ГОСТ 8273 бойынша орау қағазына орайды.

6.6.3 Әр үлгідегі және ілеспе құжаттағы жазуларды 6.6.1-талаптарына сәйкес салады.

Үлгілер салынған жәшікке мөр салып пломбылайды.

6.6.4 Үлгілер зертханаға талдау үшін түскен кезде:

- түскен күні мен уақыты;
- олардың түскен кезінде температурасын міндетті түрде көрсетіп үлгілер жағдайын тіркейді.

Температураны өлшеуді ГОСТ 28498 бойынша термометрмен:

- сойылған мал етінің, құс етінің төс бұлшық еттерінің бойында;
- үй қояны етінің сан бұлшық етінің бойында жүргізеді.

6.6.5 Іріктеген сәттен бастап талдау басталғанға дейін үлгілерді (0–2) ^{0}С температурасы жағдайда бір тәуліктен артық емес сақтайды.

6.7 Органолептикалық бағалау әдістері

6.7.1 Сыртқы түрі мен түсін анықтау

6.7.1.1 Талдаулар жүргізуге сынамаларды дайындау

Мұздатылған, 6.5.1-тармағы бойынша іріктелген оралмаған мұздатылған ұшалар мен олардың бөліктерін бұлшық еттер кемі 5 см қалыңдығында температура 0-ден 4°С-қа жеткенге дейін бөлме температурасында ерітеді.

Тұтынушы ыдысында құстар, үй қоянының ұшаларын немесе олардың бөліктерін ерітуді (30±2) °С температуралы суда (2-3 сағ) бойына немесе бөлме температурасы жағдайында температурасы 0-ден 4 °С-қа жеткенге дейін жүргізеді. Суды үнемі араластырып тұрады.

Сынаманы еріткеннен кейін тұтынушы ыдысынан алып шығып талдауға түсіреді.

6.7.1.2 Сойылатын мал етінің (ұша, жарты ұша, бөлшектер) сыртқы түрі мен түсін бетін сыртқы қарап шығумен анықтайды:

- тері қалдықтарының, ішкі органдар, ұйыған қан, шашақтану, ластанулардың болуын органолептикалық анықтауды;
- мұздатылған ұшалар, жарты ұша немесе бөлшектерде қар, мұз, бетінің бұзылуы, көгерулер мен соғылулардың болуын тексереді;
- соғылу мен көгерулерден тазартудың болуы;
- қылтанақтар қалуы (терідегі шошқа еті үшін).

6.7.1.3 Құс етін органолептикалық бағалау кезінде тұмсық, ауыз қуысының шырышты қабатының, көз алмасы, ұша бетінің, тері асты мен ішкі майлы тіннің, төс-көк еттің сұр қабатының сыртқы түрі мен түсін көзбен шолып анықтайды.

Ұша нысанын анықтауды 6.5.2-тармағы бойынша іріктелген сынама бойынша жүргізеді.

Ұшаларды тегіс бетке жатқызады, қажет жағдайда қолға алады да құс етінің нақты түріне арналған ҚР СТ 1730 талаптарына пішінінің сәйкестігін анықтау үшін қарайды.

Ұшаның семіздігін анықтауды (бұлшық ет жүйесінің қалпы және теріс астылық май қыртысының болуы) 6.5.2-бойынша іріктелген және 6.7.1.2 бойынша дайындалған сынамада жүргізеді. Бұлшық ет жүйесінің дамуын

анықтаған кезде төс сүйектің дөңестену деңгейі мен оның бұлшық еттермен жабылуына ерекше көңіл бөледі.

Бұны көзбен шолып және барлық ұшаны қолмен ұстап көрумен анықтайды.

Тері асты май қыртысының болуын көзбен шолып анықтайды. Нәтижелерін ҚР СТ 1730 талаптарымен және құс етінің нақты түріне арналған стандартпен салыстырады.

Терінің қалпы мен түрін ҚР СТ 1729 және 6.5.2.1-тармағының ережелері бойынша іріктелген сынамада көзбен шолып анықтайды.

Құс ұшасының терісінде жыртылулар ұзындығын ГОСТ 427 бойынша бөлу бағамы 1,0 мм металл сызғышпен өлшейді.

Өлшеу нәтижелерін құс етінің нақты түріне арналған ҚР СТ 1730 талаптарымен салыстырады.

Қауырсындардың тазартылу деңгейін 6.5.2 бойынша іріктелген сынамада ұшадағы қауырсын санын есептеп көзбен шолып тексереді. Есептеу нәтижелерін құс етінің нақты түріне арналған ҚР СТ 1730 талаптарымен салыстырады.

Ұшаларда сүйек жүйесінің қалпын (сынудың, майысудың болуы) анықтауды 6.5.2-бойынша іріктелген және 6.7.1.2 бойынша дайындалған үлгілерде көзбен шолып және қолмен ұстап жүргізеді.

6.7.1.4 Үй қояны етінің сыртқы түрін бақылау үшін сыртқы тексеруге ұшаның беті, жабын және ішкі майлы тіндер мен көк еттің сұр қабығы, сүйек жүйесінің қалпы түсіріледі.

Тері қалдықтарының, бұлшық еттер шашақтануы, беттері мен ішкі бетінің тазалығы, арқада май таспасының үзілуінің болуы әр үлгіде көзбен шолып анықталады.

Ұшаларда сүйек жүйесінің қалпын (сыну, майысудың болуы), соғылудан, қан қатудан тазартудың болуын анықтауды 6.5.2-бойынша іріктелген және 6.7.1.2 бойынша дайындалған үлгілерде көзбен шолып және қолмен ұстап жүргізеді.

6.7.2 Кесіндіде бұлшық ет түрі мен түсін анықтау

Сынамаларды дайындау 6.7.1.1-тармағы бойынша.

6.7.2.1 Сойылатын мал етінің кесіндісінде бұлшық ет түрі мен түсін еттің жаңа ғана кесілген кесіндісінде бұлшық ет тінінің терең қабатында анықтайды.

6.7.2.2 Құс етінің төс және жамбас-сан бұлшық еттерін бұлшық еттері талшығының бағытына көлденең кеседі.

6.7.2.3 Үй қояндарының етін тексерген кезде сан бұлшық еттерін бұлшық еттер талшығына көлденең кеседі.

6.7.2.4 Бұлшық еттер ылғалдығын анықтау үшін сүзгіш қағазды бұлшық ет кесіндісінің бетіне 2 секундқа тигізеді.

6.7.2.5 Бұлшық еттер жабысқақтығын анықтау үшін бұлшық ет кесіндісінің бетіне саусақ тигізеді.

6.7.2.6 Бұлшық еттер түсін күндізгі таралған сәуледе көзбен шолып анықтайды.

6.7.2.7 Қанынан айрылу деңгейін көзбен шолып анықтайды.

6.7.3 Консистенциясын анықтау

Сынамаларды дайындау 6.7.1.1 бойынша.

6.7.3.1 Ұшаның немесе сыналатын үлгінің жаңа кесілген кесіндісінде саусақпен жеңіл басып шұқыр жасайды да оның тегістелуін байқайды.

6.7.3.2 Құс (үй қояны) ұшасының бетіне төс және жамбас-сан бұлшық еттеріне саусақпен жеңіл басып шұқыр жасайды да оның тегістелуін байқайды.

6.7.4 Иісін анықтау

Сынамаларды дайындау 6.7.1.1 –тармағы бойынша.

6.7.4.1 Өлшеу құралдары, көмекші жабдық

Талдау жүргізу үшін егер өзге нұсқаулар болмаса, 4.3-тармағы бойынша зертханалық жабдық және ыдыстарды пайдаланады.

6.7.4.2 Талдау жүргізу

Ұшаның және сойылатын мал етінің сыналатын үлгісінің иісін органолпетикалық түрде анықтайды. Содан кейін таза пышақпен кесік жасайды және тереңдік қабаттардан иісін анықтайды. Сүйекке жапсарлас жатқан бұлшық еті тіні қабаттарының иісіне ерекше көңіл бөледі.

Құс, үй қояны ұшасының және төс-көк ет қуысының немесе оның бөліктерінің бетінің иісін сынамаларды іріктеу кезінде тікелей органолептикалық түрде анықтайды.

Терең қабаттар иісін анықтау үшін таза пышақпен бұлшық еттерге кесік жасайды. Сүйекке жапсарлас жатқан бұлшық еті тіні қабаттарының иісіне ерекше көңіл бөледі.

6.7.5 Май қалпын анықтау

Сойылатын мал етінің ұшасында май қалпын сынамаларды іріктеу кезінде анықтайды. Органолептикалық түрде май түсін, иісін және консистенциясын белгілейді.

6.7.6 Құс және үй қояны етінің май иісін анықтау

6.7.6.1 Талдауға дайындау

Май иісін анықтау үшін әр үлгіден кемі 20 г ішкі май тінінің алады. Әр сынаманы қайшымен ұсақтайды, химиялық стаканда су моншасында ерітеді және 20 ^{0}С температурасына дейін суытады.

6.7.6.2 Талдау жүргізу

Іш май иісін таза шыны таяқшамен оны араластырып тұрып органикалық түрде анықтайды.

6.7.7 Сіңір қалпын анықтау

Сіңір қалпын сойылатын мал етінің ұшасында үлгілерді іріктеу кезінде анықтайды. Сіңірлерді қолмен ұстап олардың серпімділігін, тығыздығы, буын беттерінің қалпын белгілейді.

6.7.8 Сорпа мөлдірлігі мен хош иісін анықтау

6.7.8.1 Өлшеу құралдары, көмекші жабдық

Талдау жүргізу үшін, егер өзге нұсқаулар болмаса, 4.3-тармағы бойынша зертханалық жабдық пен ыдысты пайдаланады:

Температураны берілгеннен 1 °С-қа дейін ауытқумен 20 °С-тан 100 °С-қа дейін ұстауға мүмкіндік беретін термореттегішті су моншасы.

ГОСТ 1770 бойынша сиымдылығы25 см^3, диаметрі 20 мм цилиндр.

ГОСТ 21240 бойынша таттанбайтын болаттан жасалған медициналық қандауыр пышақтар.

Өлшеу ауқымы минус 35°С –тан плюс 45 °С-қа дейінгі, рұқсат етілетін кінәрат шегі $\pm$0,5°С және шкаласының бөлу бағамы 1°С, ТП 5 ықшам термометр.

ГОСТ 4025 бойынша еттартқыш.

Кез келген түрдегі кастрюльдер

ГОСТ 14919 бойынша электр плиткалар.

ГОСТ 24104 бойынша жалпы арналған зертханалық таразы, класы жоғары, ең жоғарғы өлшеу шегі 200 г.

ГОСТ 25336 бойынша Кн – 1 – 100 – 29/32 ТХС құты.

ГОСТ 6709 бойынша дистилденген су.

6.7.8.2 Сынауларға дайындық

Сойылатын мал етінің біртекті массалық сынамасын алу үшін әр үлгіні тор саңылауының диаметрі 2 мм еттартқыш арқылы өткізеді, фаршты әбден араластырады.

6.7.1.1-тармағы бойынша дайындалған, қанаты мен мойнынан басқа құс (ұша немесе оның бөліктері) үлгісінен барлық тереңдігіне бойлатып қандауырмен кемі 70 г бұлшық етін кесіп алады және оларды үлгілермен араластырмай екі рет еттартқыштан өткізеді. Әр үлгіден алынған фаршты әбден араластырады, содан кейін өлшендіні алады. Қанат пен мойын етін тартпайды.

Үй қоянының ет сынамасын дайындаған кезде іріктеуді 6.7.1.1-тармағы бойынша дайындалған әр үлгіден (ұшадан) өзге ұшалармен араластырмай жүргізеді. Қандауырмен 25 г-нан кем емес салмақпен жамбас, жауырын, арқа жақтан бұлшық еттер кесегін кесіп алады да саңылау диаметрі (2 – 4,5) мм еттартқыштан екі рет өткізеді.

6.7.8.3 Сынақ өткізу

20,0 г алынған фаршты кінәраты ±0,1 г артық емес зертханалық таразыда өлшейді және сиымдылығы 100 $см^3$ конус құтыға салады, 60 $см^3$ дистилденген су құяды, әбден араластырады, сағат шынысымен жауып 10 минутқа қайнап жатқан су моншасына қояды.

Ет сорпасының хош иісін (80-85) ^{0}С дейін қызу барысында жартылай ашық құтыдан шығатын бу пайда болған кезде иісін сезу жолымен анықтайды.

Мөлдірлікті анықтау үшін 20 $см^3$ сорпаны сиымдылығы 25 $см^3$ диаметрі 20 мм өлшемді цилиндрге құяды және оның мөлдірлігін көзбен белгілейді.

6.7.9 Нәтижелерді өңдеу

Органолептикалық сынау нәтижелерін ҚР СТ 1730 талаптарымен және Е, Ж, И қосымшалардағы тән белгілермен салыстырады.

Бір белгісі бойынша балғындығына күмән тудырылған ет немесе қосалқы өнімдерді, құс, үй қоянының етін ГОСТ 23392, ГОСТ 19496, ГОСТ 7702.1, ГОСТ 20235.1 бойынша химиялық және микроскопиялық талдауға түсіреді.

Органолептикалық және химиялық немесе микроскопиялық талдау нәтижелері алшақтаған жағдайда 6.4-бойынша қайта іріктелген үлгілерге химиялық талдау жүргізеді.

Қайталау талдауының нәтижелері қорытынды болып табылады және барлық топтамаға таратылады.

7 Өңделген ішектердің сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдістері

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 Өңделген ішектерді шұжық өндірісінде пайдалануға ветеринарлық қадағалаумен танылуы керек.

7.1.2 Органолептикалық әдістер:

- сыртқы түрі мен түсін;
- иісін;
- өңделу сапасын;
- микробиологиялық бұзылудың болуын (таттану, қызару);
- патологиялық ақаулардың болуын анықтауды қарастырады.

7.2 Сынақ жүргізетін мамандар біліктілігіне қойылатын талаптар

7.2.1 Ішек сапасына органолептикалық бағалауды жоғарғы немесе арнайы білімі, зертханада жұмыс тәжірибесі бар техник немесе лаборант жүргізеді.

7.2.2 Мамандар ГОСТ 12.0.004 сәйкес қауіпсіздік техникасы бойынша даярлықтан және оқудан, арнайы оқудан өтеді.

7.3 Органолептикалық бағалау жүргізілетін үймараттар мен жағдайларға қойылатын талаптар

7.3.1 Органолептикалық бағалау жүргізуге арналған үймараттар мен сынақ жүргізу шарттары осы стандарттың 4-бөлім талаптарына сәйкесуі керек.

7.4 Өлшеу құралдары, жабдық

Өлшеу құралдары, жабдық - 4.3 бойынша.

7.5 Үлгілерді іріктеу әдістері

7.5.1 Сынаулар үшін сынамаларды іріктеу – ҚР СТ 1729 бойынша.

7.6 Сынаққа жіберу үшін үлгілерді орау

